

INFINITY

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

KZ



Кіріспе

Осы пісіру панелі аспаздықтың нағыз әуескерлері үшін құрылған. Индукциялық пісіру панелінде даярлаудың бірқатар артықшылықтары бар. Бұл оңай, себебі панель қыздыру дәрежесінің өзгеруін тез сезінеді және өте төмен қуатпен жұмыс істей алады. Ал қуаттың максимальді деңгейі барысында тамақты тез қайнауға дейін жеткізуге болады. Конфоркалардың арасындағы үлкен арақашықтықтың арқасында дайындау өте ыңғайлы.

Ауыстырып қосқыштары конфоркаларды тура басқаруға мүмкіндік береді. Ауыстырып қосқышы қалпының белгілері қыздырудың қажетті деңгейін тез орнатуға мүмкіндік береді.

Индукциялық пісіру панелінде даярлау процесінің дағдылы аспаптарда даярлаудың айырмашылығы Оның жұмыс істеу принципі магниттік полюсінен жылу өндіруде белгіленеді. Сондықтан индукциялық даярлау үшін арнайы ыдыс қажет. Ыдыс туралы неғұрлым толығырақ ақпаратты «Ыдыс» бөлімінен табуға болады.

Қауіпсіздік үшін индукциялық пісіру панелі қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған, мысалы қорғауыш сөндіруімен және қандай конфоркалар ыстық екенін көрсететін қалдық жылудың индикаторларымен.

Осы құрал индукциялық пісіру панелінің тиімді пайдалануын сипаттайды. Пайдалану жөніндегі мәліметтерін толықтыруға сондай-ақ аспапты пайдалану барысында пайдалы болуы мүмкін жалпы сипаттағы ақпаратпен таныса аласыз. Сондай-ақ осыдан даярлау жөніндегі нұсқаулар және техникалық қызмет көрсету жөніндегі кеңестерді таба аласыз.

Аспапты пайдаланар алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны әрі қарай пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Осы нұсқаулықты сондай-ақ сервистік инженерлер үшін анықтамалық материал ретінде пайдалануға болады. Осыған байланысты зауыттық тақтайшасын нұсқаулықтың кері бетіндегі арнайы белгіленген орынға желімдеп қоюды сұраймыз. Аспаптың зауыттық тақтайшасында сервистік инженерлері сіздің сұрақтарыңызға тиісті жауап беруі үшін қажет барлық ақпараты бар.

Даярлаумен рахаттаныңыз!

СІЗДІҢ ИНДУКЦИЯЛЫҚ ПІСІРУ ПАНЕЛІҢІЗ	5
В сипаттамасы	5
ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУ	6
Не нәрсеге назар аудару керек	6
Іске қосу және жөндеу	6
Пайдалану кезінде	6
Қорғауыш сөндіруі	7
Қызып кетуден қорғау	8
ПАЙДАЛАНУ	9
Индукция көмегімен даярлаудың артықшылықтары	9
Индукциялық конфоркалардың жұмыс істеу принципі	9
Ыдыс	10
ПІСІРУ ПАНЕЛІН БАСҚАРУ	12
Пісіру панелін іске қосу және қыздыру дәрежесін реттеу	12
Даярлау автоматикасы	12
Р режимі (Максимальді қуаты, Power boost)	12
Қалдық жылудың индикаторы	13
Балалардан блоктау	13
ДАЯРЛАУ	14
Салауатты тамақтану	14
Қыздыру дәрежелері	14
КҮТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	16
Тазарту	16
АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ	17
Жалпы	17
Ықтимал ақаулықтардың кестесі	17
ОРНАТУ	19
Назар аударыңыз	19
Желдеткіш	21
Жәшігі бар асүй шкафы	21
Духовкасы бар асүй шкафы	22
Іске қосу схемасы:	23
Жинақтау	24
Техникалық деректері	25
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	26
Орауды және аспапты пайдаға асыру	26

СІЗДІҢ ИНДУКЦИЯЛЫҚ ПІСІРУ ПАНЕЛІҢІЗ

В сипаттамасы



1. Артқы сол жақ конфорка
2. Артқы оң жақ конфорка
3. Алдыңғы сол жақ конфорка
4. Алдыңғы оң жақ конфорка
5. Қуатын орнату үшін айналмалы ауыстырып қосқышы



Не нәрсеге назар аудару керек

Іске қосу және жөндеу

Пайдалану кезінде

- Индукция — бұл қауіпсіз даярлау. Қауіпсіздік үшін пісіру панелі қалдық жылу индикаторы және қорғауыш сөндірумен жабдықталған. Алайда кейбір қауіпсіздік шараларын ұстану қажет.
- Электр желісіне қосуын тек білікті маман ғана жүргізе алады.
- Аспаптың корпусын ашуға тыйым салынады. Корпусты тек сервистік орталығының маманы ғана аша алады.
- Кез келген жөндеу жұмыстарының алдында аспапты электр желісінен ажырату керек. Айырын розеткадан алып шығыңыз, автоматты ауыстырып қосқышын сөндіріңіз, немесе, ажырамайтын жалғану жағдайында, электр желісінің ауыстырып қосқышын «нөл» қалпына орнатыңыз.
- Аспапты 5 °C-дан төмен температура барысында пайдаланбаңыз.
- Осы аспап үй жағдайында пайдалану үшін арналған. Оны тек тамақ даярлау үшін пайдаланыңыз.
- Бірінші пайдалану барысында жаңа аспапқа тән иіс шығады. Бұл қалыпты құбылыс. Жайды желдетіп жіберіңіз, сонда иіс кетеді.
- Қыздырудың максималды дәрежесі барысында қыздыру уақыты едәуір қысқаратынын есте сақтаңыз. Конфорканың жоғары қуатында жұмыс істеу барысында аспапты қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Аспапты пайдалану кезінде жайда жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз. Барлық табиғи желдеткіш саңылауларын ашық қалдырыңыз.
- Бас ыдысты қыздырмаңыз. Аспап қызып кетуден қорғалған, бірақ ыдыс қызып кетуі және ақаулануы мүмкін. Бос ыдыстың қызып кетуі нәтижесінде туындаған ақаулықтарға кепілдік таратылмайды.
- Пісіру панелін жұмыс үстелі ретінде заттарды сақтау үшін пайдаланбаңыз.
- Аспаптың түбі мен жылжымалы жәшіктің ішіндегісі арасында қажетті арақашықтықты қамтамасыз етіңіз.
- Аспаптың астындағы жәшікте жеңіл тұтанатын заттар мен материалдарын сақтамаңыз.
- Электр аспабының жалғану кабельдері ыстық конфоркаларға жанаспауы керек.
- Пайдалану кезінде конфоркалар қызады және жұмыс аяқталғаннан кейін бірталай уақыт жылу сақталады. Балаларды аспап жұмыс істеп тұрған кезінде және оны сөндіргеннен кейін бірден жақын жібермеңіз.
- Қызып кеткен сұйық май мен май тұтанып кетуі мүмкін. Пісіру панелі жақын тұрмаңыз. Егер май тұтанып кетсе, оны сумен өшірмеңіз.
- Ыдысты қақпақпен жабыңыз да, конфорканы сөндіріңіз.
- Ашық отта сорғыштың астында тамақты даярлауға (фламбирлеуге) қатаң тыйым салынады. Биік жалын тіпті сөніп тұрған сорғыш жағдайында да өрт тудыруы мүмкін.

- Әйнек керамика берік материал болып табылады, бірақ нүктелі соққыларға төзімді емес, сондықтан оның үстіне қатты және үшкір заттар құламасын, өйткені олар әйнек керамиканы бүлдіруі мүмкін.
- Шытынаған немесе сынған пісіру панелін пайдаланбаңыз. Жарықшақ айқындалу барысында аспапты электр желісінен жедел ажыратыңыз.
- Бұл үшін аспап қосылып тұрған сақтандырғышты сөндіріңіз де, сервистік орталығына өтініш жасаңыз.
- Конфоркаларда металл заттарды, мысалы, табалар, қақпақтар, ас үй аспаптарын қалдырмаңыз. Олар қызып кетуі мүмкін. Күйіп қалу қаупі бар!
- Магниттелген заттарды (банк карталары, дискеттер және т.б.) аспаптан алыс ұстаңыздар. Кардиостимуляторлары, есту аппараттары және басқа да имплантаттары, бар адамдарға аспапты пайдаланар алдында дәрігерден кеңес алуды ұсынамыз. Пісіру панелін тазарту үшін жоғары қысымды тазартқыштары мен бұйдағыш тазартқыштарын пайдаланбаңыз.
- Аспапты физикалық, қозғалу және психикалық қабілеттері шектеулі адамдардың, сондай-ақ оны пайдалану үшін жеткілікті тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдардың және балалардың пайдалануына қадағалаумен ғана рұқсат етіледі.
- Сіз қалай ыдысты аласыз, солай конфорка автоматы түрде қыздыруды тоқтатады. Алайда конфорканың абайсыз сөніп қалуын болдырмау үшін, оны қолмен сөндіруге үйрену қажет.
- Бос ыдысты іске қосылған конфоркаға қоймаңыз. Пісіру панелі қызып кетуден қорғалған, алайда ыдыс қатты қызып кетуі мүмкін. Бұл ыдыстың ақаулануына алып келеді.
- Пісіру панелінің түбі кем дегенде 1,2 см диаметрі бар, сондай-ақ пышақтар мен шанышқыларды айырып танымайды. Егер конфоркаға кішкентай ыдыс қойса, цифрлық индикаторы жыпықтайтын болады және панель іске қосылмайды.
- Аспап ішкі таймерге және қашықтық басқаруының сыртқы блогына қосу үшін арналмаған.
- Ешқашан балаларға аспаппен ойнауға рұқсат етпеңіз. Балалар аспаптың жанында қадағалаусыз болмауы керек.

Қорғауыш сөндіруі

- Жұмыс істеу кезіндегі қосымша қауіпсіздік үшін пісіру панелі аспапты жұмыс істеу ұзақтығын шектейтін таймермен жабдықталған. Қорғауыш сөндіруі егер сіз пісіру панелін сөндіруді ұмытып кесеңіз, іске қосылады.
- Сіздің таңдаған күйге келтірулеріңізге қатысты даярлау уақыты мынадай етіліп шектеледі:

Қыздыру дәрежесі	Конфорка автоматты түрде мынадан кейін сөнеді:
1	520 минут
2	402 минуты
3	318 минут
4	260 минут
5	212 минут
6	170 минут
7	139 минут
8	113 минут
9, P	90 минут

Қорғауыш сөнуі кестеде көрсетілген уақыт өткеннен кейін іске қосылады.

Қызып кетуден қорғау

Датчигі пісіру панелінің әртүрлі бөлігінде температурасын үнемі өлшеп отырады. Әр конфорка қайнап кету барысында қызып кетуді болдырмау үшін ыдыс түбінің температурасын өлшеп отыратын датчикпен жабдықталған. Егер температурасы қатты көтерілсе, қызыдру қуаты автоматы түрде төмендейді.

Аспаптың қызып кетуі мына жағдайларда мүмкін:

- ыдыс жылуды дұрыс емес өткізеді;
- сұйық май мен май қыздырудың жоғары дәрежесінде қызады;
- ауаның жеткіліксіз циркуляциясы (сондай-ақ осы нұсқаулықтың «Орнату» бөліміндегі «Желдеткіш» дегенді қараңыз).

Қызып кету жағдайында қызып кетуден қорғанышы мынадай әсер көрсетеді:

- аспап қыздыру дәрежесін төмендетеді;
- егер бұл көмектеспесе, аспап сөнеді де, цифрлық индикаторларында E2 белгісі пайда болады.


Аспап суығаннан кейін E2 индикациясы сөнеді де, сіз аспапты қайтадан іске қоса аласыз.

Қызып кетуді мынадай етіп болдырмауға болады:


- жылуды жақсы өткізетін ыдысты пайдаланыңыз;
- сұйық май мен майды қыздырудың төмен дәрежесінде қыздырыңыз;
- жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз.

Егер жоғарыда көрсетілген барлық қабылданған шараларға қарамастан қызып кетуден қорғауы қайтадан іске қосылса, сервистік орталығы немесе білікті шебермен байланысыңыз.


Индукция көмегімен даярлаудың артықшылықтары



Индукциялық даярлауы жылу жоғалтуды минимумға келтіреді, ыдыс тұтқалары қызбайды.



Индукциялық конфоркалардың жұмыс істеу принципі



Шыныкерамикалық бетінің астында (2) электрмагнитті полесін (3) құрайтын индукциялық катушкасы (1) орналасқан. Егер конфоркаға магниттелетін түбі бар ыдысты (4) қойса, түбінде ток индукциялана бастайды.

Тез даярлау

- Индукциялық панелінде қалайша тез даярлауға болатыны сізді таң қалдырады. Қыздыру қуатының жоғары мәнін орнату барысында тамақтар мен сұйықтықтар тез қайнайды. Тамақ ағып кетпеуі және булап кетпеуі үшін даярлауды міндетті түрде бақылап тұрыңыз.

Қуатты беру ыдыс диаметріне сәйкес

- Индукциялық даярлау барысында ыдыс орнатылған конфорканың бөлігі ғана әрекет етеді. Үлкен конфоркада кішкентай ыдысты пайдалану барысында индукциялық қыздыру ыдыс тұрған конфорканың бөлігінде жүргізіледі. Солай, қуаты төмен болады және қайнауы көп уақыт алады.

Назар аударыңыз

- Қатты бөлшектері шыныкерамикаға кетпейтін сызаттар қалдыруы мүмкін. Панельге орнату барысында ыдыстың түбі таза болуы керек. Шыныкерамика беті бойынша ыдысты итермеңіз. Егер сіз ыдысты ауыстырп қойғыңыз немесе алғыңыз келсе, оны көтеріңіз.
- Пісіру панелін жұмыс үстелі ретінде пайдаланбаңыз. Жылуды жоғалтпау үшін ыдысты қақпақпен жабыңыз.

Пісіру панелі электромагнитті полесін құрайды. Конфоркаға магниттелген түбі бар ыдысты қойған жағдайда түбінде ток индукциялана бастайды. Осы индукцияланған тогы ыдыс негізінде жылу өндіреді.

Қарапайым

Басқаруы пайдалануда қарапайым және қыздыру дәрежесін тура реттеуге мүмкіндік береді. Шағын қуатында шоколадты жібітуге және әдетте бупісіргіште пісірілетін тамақтарды дайындауға болады.

Тез

Максимальді қуаты барысында тамақтың үлкен көлемін қайнауға дейін тез жеткізуге болады. Алайда тамақты дайындау әдеттегі жағдайлардағыдай уақытты алады.

Таза

Пісіру панелін тазарту оңай. Конфоркалар ыдыстікі сияқты температураға дейін қызады, сондықтан ағып кеткен тамақ күйіп кетпейді.

Қауіпсіз

Жылу ыдыстың түбінде шығарылады. Пісіру панелі ыдыстың өзінен де көп емес қызады. Бұл деген индукциялық панелінің беті әдеттегі қыздырғыштары бар шыныкерамикалық панелі немесе газ конфоркаларына қарағанда анағұрлым аз қызады. Осыдан кейін сіз ыдысты алысымен, конфорка тез суиді.

Ыдыс

Индукциялық даярлауға арналған ыдыс

Индукциялық плитада дайындау үшін ферромагнитті материалдардан жасалған арнайы ыдыс талап етіледі.



Назар аударыңыз!

- газда даярлауға арналған ыдыс индукциялық пісіру панелінде аяйрау үшін жарамсыз.
- Электр мен индукцияның көмегімен дайындауға лайықты мынадай ыдысты пайдаланыңыз:
 - түбі қалың (кемінде 2,25 мм),
 - түбі тегіс.
- Осы ыдыс индукциялық пісіру панельдері үшін жарамды екенін белгілейтін индукция символы тұрған ыдыс бәрінен жақсы жарамды болады.



Кеңес

Ыдыстың жарамдылығын магниттің көмегімен тексеруге болады. Егер магнит түбіне тартылса, ыдыс дайындау үшін жарамды.

Жарамды	Жарамсыз
Тотықпайтын болаттан жасалған арнайы ыдыс	Эмальданған шойын ыдысы
Индукция символы бар ыдыс	Тотықпайтын болат
Метал эмальданған ыдысы	Фарфор
Эмальданған шойын ыдысы	Мыс
	Пластик
	Алюминий



Назар аударыңыз!

Метал эмальданған ыдысын пайдалану барысында мыналарды есте сақтаңыз:

- эмаль қатпарлануы мүмкін, егер қыздырудың жоғары дәрежесі барысында конфоркаға бос ыдысты қойса немесе қалдырса;
- ыдыс түбі қыздырудың жоғары дәрежесі барысында даярлау немесе қызып кету саладырнан тұрпаты өзгеруі мүмкін.

Назар аударыңыз!

Тегіс емес түбі бар ыдысты пайдалануға болмайды. Майысқан немесе томпиған түбі қызып кетуден қорғау жұмысына кедергі келтіруі мүмкін, сондықтан пісіру панелі қызып кетуі мүмкін. Бұл шыныкерамиканың шытынап кетуіне және ыдыс түбінің балқып кетуіне алып келуі мүмкін. Жарамсыз ыдысты пайдалану және бос ыдыстың қызуы нәтижесінде туындаған ақаулықтарына кепілдік таратылмайды.


Ыдыс түбінің минимальді диаметрі

Ыдыстың диаметрі кем дегенде 12 см болуы керек. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін түбі конфорканың диаметріне сәйкес келетін ыдысты пайдаланыңыз. Егер конфоркаға кішкентай ыдысты қойса, конфорка жұмыс істемейді.

Тез пісіру табасы

Индукция тез пісіру табасында даярлау үшін тамаша келісті. Конфорка қыздыру дәрежесінің өзгеруіне жылдам әсер етеді. Тез пісіру табасының қысымы қажетті деңгейге жылдам жетеді. Сіз конфорканы қалай сөндіресіз, солай даярлау тоқтатылады.

Пісіру панелін іске қосу және қыздыру дәрежесін реттеу



Индукциялық пісіру панелі қалдық жылу индикациясымен, қорғауыш сөндірумен, «Даярлау автоматикасымен» және балалардан блоктауымен жабдықталған. Осы және келесі беттерде осы функцияларды қолдану жөніндегі нұсқаулары келтірілген.

Қыздыру дәрежесін іске қосу және реттеу:

- Ыдысты конфоркаға қойыңыз. Конфоркаға сәйкес келетін ауыстырып қосқышын сағат тілі бойынша бұраңыз да, қажетті қыздыру деңгейін орнатыңыз.
- Қыздыру дәрежесі 1-ден 9-ға дейінгі диапазонда реттеледі.

Сөндіру

- Ауыстырып қосқышты бастапқы қалпына кері бағытта кері бағытқа бұрып конфорканы сөндіріңіз.

Даярлау автоматикасы

«Даярлау автоматикасы» функциясын, егер тамақты жылдам қайнатуға дейін жеткізу қажет болса, пайдалануға болады. Пісіру панелі автоматты түрде негізгі даярлау үшін алдын ала белгіленген қыздыру дәрежесіне ауыстырылып қосылады.

- Ыдысты конфоркаға қойыңыз.
- Тиісті конфорканың ауыстырып қосқышын сағат тіліне қарсы немесе оңға қарай тірелгенге дейін бұраңыз.
- Цифрлық индикаторында «А» символы пайда болады.
- Содан кейін 5 секунд ішінде ауыстырып қосқышпен негізгі даярлаудың қыздыру дәрежесін орнатыңыз. Егер сіз қыздыру дәрежесін орнатпасаңыз, конфорка сөніп қалады.

Орнатқаннан кейін конфорканың цифрлық индикаторында кезектесіп «А» символы және негізгі даярлаудың қыздыру дәрежесі жыпықтайды.

Қыздыру өткеннен кейін конфорка максималді қуатта автоматты түрде негізгі даярлаудың таңдалған дәрежесіне ауыстырып қосылады. Осыдан кейін цифрлық индикаторында негізгі даярлаудың тек қыздыру дәрежесі көрсетіледі.

- Функцияны ауыстырып қосқышты 0 немесе 9 қалпына орнатып сөндіруге болады.

Р режимі (Максимальді қуаты, Power boost)

Қыздыру дәрежесін Р тек суды қайнатуға дейін жеткізу қажеттілігі барысында пайдаланыңыз. Бұл қаймақ майы мен сүтті жылыту, сондай-ақ тағамды жібіту үшін тым жоғары қуат. «Даярлау» бөліміндегі кестесі түрлі қыздыру деңгейін пайдалануды түсінуге көмектеседі.




Балалардан блоктау

Егер конфорка ұзақ уақыт немесе жоғары қыздыру дәрежесі барысында жұмыс істесе, ол сөндіргеннен кейін де бірталай уақыт ыстық болып қалуы мүмкін. Конфорка ыстық болып тұрғанда, цифрлық индикаторда «Н» символы жанады.

Пісіру панелі блоктанумен жабдықталған. Бұл функция пісіру панелінің іске қосылуын болдырмауға (балалардан блоктауға) мүмкіндік береді.

Балалардан қорғауды іске қосу.



- Қорғауды барлық конфоркалар сөндірілгенде іске қосуға болады.
- Бір мезгілде сол жақ конфоркаларының екі ауыстырып қосқышын А символына дейін бұраңыз (қалған ауыстырып қосқыштары нөлдік қалыпта орнатылуы керек).
- Индикаторда «L» көрсетіледі, бұл балалардан қорғау іске қосылғанын білдіреді.

Балалардан қорғауды сөндіру.

- Балалардан блоктау мынадай түрде сөндіріледі. Функцияны сөндіргеннен кейін цифрлық индикаторларда «О» символы пайда болады.

Салауатты тамақтану

Түрлі майлардың жану температурасы.

Сіздің тамақтануыңыз салауатты болуы үшін қуыру барысында майдың жану температурасын ескеруді ұсынамыз. Уытты заттар бөлініп басталатын жану температурасы майдың түріне қатысты. Кестеде майдың кейбір түрлерінің жану температурасы келтірілген.

Май	Жану температурасы, °C
Зәйтүн майы экстра-кластың (extra virgin)	160 °C
Қаймақ майы	177 °C
Кокос майы	177 °C
Рапс майы	204 °C
Зәйтүн майы (virgin)	216 °C
Күнбағыс майы	227 °C
Жүгері майы	232 °C
Арахис майы	232 °C
Күріш майы	255 °C
Зәйтүн майы	242 °C

Қыздыру дәрежелері

Қыздыру дәрежесі шамамен көрсетілген, себебі тағамның көлемі мен түріне қатысты.

Мыналар үшін Р және 9 орнатуларын пайдаланыңыз:

- сұйықтықты/тағамды қайнатуға дейін тез жеткізу;
- жасыл көкөністерді тез қуыру;
- сұйық майды, майды қыздыру;
- тез пісіру табасында қажетті қысымды тез орнату.

Мыналар үшін қыздырудың 8-деңгейін пайдаланыңыз:

- етті қуыру;
- камбала немесе камбаласүбесін қуыру;
- омлет қуыру;
- піскен картопты қуыру;
- фритюрде қуыру.

Мыналар үшін қыздырудың 7-деңгейін пайдаланыңыз:

- құймақ қуыру;
- қалың аунатылған шницель қуыру;
- бекон (сало) қуыру;
- шикі картоп қуыру;
- жұмыртқа қосылған гренки қуыру;
- аунатылған балық қуыру.

Мыналар үшін қыздырудың 6 және 5-деңгейлерін пайдаланыңыз:

- тағамның үлкен көлемін даярлауды аяқтау;
- қатты көкөністерді жібіту;
- жұқа аунатылған шницель қуыру.

Мыналар үшін қыздырудың 1-4-деңгейлерін пайдаланыңыз:

- сорпа пісіру;
- ет бұқтыру;
- көкөністер пісірусварить овощи;
- шоколад еріту;
- сыр еріту.

Тазарту

Кеңес

Пісіру панелін тазарту алдында балалардан блоктауын іске қосыңыз.



Күнделікті тазарту

- Ағып кеткен тамақ күймегеніне қарамастан, шыныкерамикалық панелін әр пайдаланғаннан кейін тазартып отырыңыз.
- Ең жақсысы күнделікті жуу үшін жұмсақ жуғыш құралы бар ылғал шүберек келеді.
- Тазартқаннан кейін қағаз немесе ас үй орамалымен құрғатып сүртіңіз.

Тұрақты дақтар

- Тұрақты дақтар жұмсақ жуғыш құралы көмегімен кетіріледі, мысалы, ыдыс жууға арналған құралы.
- Судың іздері мен қаспақты сірке суы көмегімен кетугіге болады.
- Металл іздерін (ыдысты тасымалдаудан) ауыр кетірілуі мүмкін. Осындай мақсаттар үшін арнайы жуғыш құралдары бар.
- Қатып қалған кірленілерді кетіру үшін шыныға арналған қырғышты пайдаланыңыз. Балқытылған пластик және қантты сондай-ақ қырғыштың көмегімен кетіруге болады.

Мыналарды пайдалануға тыйым салынады.

- Абразивтер қолдануға тыйым салынады. Олар кір мен қаспақ жиналуы мүмкін сызаттар жасайды.
- Үшкір заттарды, мысалы, металл ысқышы және таутан пайдалануға тыйым салынады.

Жалпы

Шытынап кеткен және сынған пісіру панелін пайдаланбаңыз. Шытынауды айқындаған жағдайда жедел аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Бұл үшін розеткадан айырын алып шығыңыз, есептеуіштің (автоматты) ауыстырып қосқыштары сөндіріңіз немесе, тұрақты тогын пайдалану жағдайында, қоректену желісінің ауыстырып қосқышын «нөлге» орнатыңыз. Сервистік орталығына өтініш жасаңыз.

Ықтимал ақаулықтардың кестесі

Аспаптың дұрыс емес жұмыс істеуі оның сынғанын білдірмейді. Ақаулықты төменде келтірілген кестені басшылыққа ала отырып, өзіңіз жоюға тырысыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою
Пісіру панелін бірінші рет қосқанда цифрлық индикаторларында символдар пайда болады.	Бұл күйге келтірудің стандарты рәсімі	Пісіру панелін әдеттегідей пайдаланыңыз.
Пісіру панелін сөндіргеннен кейін де желдеткіш жұмысын жалғастырады.	Пісіру панелі салқындап жатыр.	Пісіру панелін пайдаланыңыз.
Бірінші іске қосу барысында «жаңа аспап» иісі шығады	Иісі жаңа аспаптың қызу салдарынан сезіледі.	Бұл қалыпты құбылыс, иісі пісіру панелін бірнеше рет пайдаланғаннан соң кетеді. Жайды желдетіңіз.
Тырсылдау естіледі.	Бұл дыбысты алдыңғы және артқы конфоркалар қуатын шектеуіші шығарады. Тырсылдау сондай-ақ қыздырудың төмен дәрежелері барысында естіледі.	Пісіру панелін әдеттегідей пайдаланыңыз.
Жаярлау барысында ыдыс шу шығарады.	Шу энергияның пісіру панелінен ыдысқа өтуімен туындайды.	Кейбір ыдыс қыздырудың жоғары деңгейі барысында шу шығарады. Бұл не пісіру панеліне, не ыдысқа зиян келтірмейді.
Сіз конфорканы іске қостыңыз, оның цифрлық индикаторында көрінеді.	Пайдаланылатын ыдыс индукция үшін жарамсыз немесе оның түбінің диаметрі 12 см-ден аз.	Жарамды ыдысты пайдаланыңыз (11 және 12-беттерді қараңыз).
Пісіру панелі жұмыс істемейді, цифрлық индикаторында ештеме жанбайды.	Жалған укабелінің ақаулануы немесе дұрыс жалғанбауы салдарынан қоректену жоқ.	Іске қосылуды тексеріңіз (сақтандырғыш және іске қосу орнының өзін, егер айыры болмаса).
Сақтандырғышы пісіру панелін іске қосқаннан кейін бірден жанып кетеді.	Пісіру панелі дұрыс қосылмаған.	Іске қосылудың дұрыстығын тексеріңіз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою
E2 қателік коды.	Пісіру панелі қызып кеткен.	Пісіру панелін суытыңыз, содан кейін іске қосыңыз да, қыздырудың неғұрлым төмен дәрежесі барысында дайындаңыз.
E3 қателік коды	Ыдыс индукциялық плитада даярлау үшін келмейді.	Жарамды ыдысты пайдаланыңыз (11 және 12-беттерді қараңыз).
E4, E5, E6 немесе E9 қателік кодтары.	Ақаулы генератор.	Сервистік орталығымен байланысыңыз.
Қателік коды 	Кнопка тым ұзақ қысылған.	Кнопканы тым қатты қыспаңыз.
Қателік коды 	Балалардан қорғау функциясы іске қосылған.	«Балалардан қорғау функциясы» бөлімін қараңыз, 14-бет.

ИНДУКЦИЯЛЫҚ ПІСІРУ КЕЗІНДЕГІ ШУЫЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Шуыл	Себебі	Жою
Индукциялық конфорка жұмысы кезіндегі әдеттегі жұмыс шуылы.	Индукциялық қыздыру технологиясы электр магнитті толқындар әсерімен дірілдейтін белгілі бір материалдардың қасиеттеріне негізделген. Бұл ретте молекулаларды дірілдеуге мәжбүрлейтін құйынды токтар пайда болады. Бұл қозғалыс жылу энергиясына түрленеді, бұл металда қатты емес шуылдың пайда болуына алып келуі мүмкін.	Бұл ақаудың пайда болғанын білдірмейтін қалыпты жұмыс шуылы.
Трансформатор жұмыс жасаған кездегідей төмен дыбыс.	Ол қыздыру қуатының жоғары деңгейінде пісіру кезінде туындайды. Ол индукциялық конфорка ыдысқа беретін энергия мөлшеріне байланысты.	Егер қыздыру температурасы төмендетілсе, шуыл жойылады немесе бәсеңдейді.
Діріл немесе ыдыс сыңғыры.	Бұл шуылды түрлі материалдар қабатынан жасалған ыдыстар тудырады.	Шуыл түрлі материалдардың қабаттары түйіскен жерде туындайтын дірілден пайда болады. Бұл шуыл ыдысқа байланысты. Ол пісірілетін тағам мөлшері мен түріне байланысты өзгеруі мүмкін.
Желдеткіш шуылы.	Кідіріссіз жұмыс жасау үшін электроника бақыланатын температурамен жұмыс жасауы тиіс. Бұл шартты қамтамасыз ету үшін индукциялық пісіру беті орнатылған температураға байланысты түрлі жылдамдықпен жұмыс жасайтын желдеткішпен жабдықталған.	Егер пісіру бетінің температурасы өте жоғары болса, пісіру бетін сөндіргеннен кейін желдеткіш біраз уақыт жұмыс жасауы мүмкін.


Назар аударыңыз

Маңызды ескертулер.

- Іске қосу мемлекеттік және жергілікті нормаларға сәйкес келуі керек.
- Аспап жерленуі керек.
- Электр желісіне қосылуды тек білікті маман ғана жүргізе алады.
- Электр желісіне қосылу үшін қолданыстағы ұйғарымдарына сәйкес келетін кабельді пайдаланыңыз (мысалы, НО7RR тұрпатындағы). Кабель резина оқшауында болуы керек.
- Жинақтау барысында кабель еркін орналасуын, қысылмаған және үшкір шеттеріне түспеуін қадағалаңыз.
- Электр желісіне ажырамайтын іске қосылу жағдайында кем дегенде 3 мм алшақ тұрған түйісулер арасындағы арақашықтықпен көпполусті алшақ тұратын құрылғысын орнатыңыз.
- Асүй жиһазының үстелінің үстіңгі тақтайы тегіс және көлденең болуы тиіс.
- Шпон және аспап ішіне қондырылатын ас үй жиһазы элементінің басқа да материалдары, термотөзімді болулары керек (85 °С) кері жағдайда материалдардың неғұрлым төмен термотөзімділігі олардың деформациялануына және түсінің өзгеруіне алып келуі мүмкін. Аспапты дұрыс емес іске қосу, жинақтау және пайдаланумен байланысты ақаулықтарына кепілдік таратылмайды.
- Қауіпті жағдайларды болдырмау үшін ақауланған жалғау кабелін ауыстыруды тек өндіруші, авторластырылған сервистік орталығы немесе білікті маман ғана орындай алады.


Минимальді арақашықтығы

Аспаптың қауіпсіз жұмыс істеуі үшін минимальді арақашықтығын ұстану керек. Арақашықтықты ұстанғаныңызға көз жеткізіңіз.




ПаЗМепbl yCTaHOBKH

ПаЗМепbl yKa3aHbl Ha MIOCTpau AX, нрf!BeAeHHbiX HI-1JKe.





Желдеткіш



Жәшігі бар асүй шкафы


Индукциялық пісіру панелі электроникасының қалыпты жұмысы үшін жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету қажет. Аспап жеткіліксіз желдету жағдайында автоматты түрде сөніп қалады. Аспаптың төменгі жағынан желдеткіш саңылаулары бар. Суық ауа осы саңылаулар арқылы өтуі керек. Ауаға арналған шығатын саңылаулары аспаптың алдыңғы бөлігінде төмен орналасқан.

- Асүй шкафының артқы қабырғасының жоғарғы бөлігінде, пісіру панелін орнату аймағында шкафтың бүкіл енінің бойымен биіктігі 140 мм-ден кем болмайтын ойық жасау қажет. Асүй шкафының алдыңғы қабырғасының жоғарғы бөлігінде шкафтың бүкіл енінің бойымен биіктігі 6 мм-ден кем болмайтын ойық жасау қажет.
- Пісіру панелі, оның төменгі жағында орналасқан суыту желдеткішімен жабдықталған. Пісіру панелінің астындағы жәшікте ұсақ заттар мен қағаз сақтауға болмайды, жұмыс істеу кезінде оларды желдеткішке тартып кетуі мүмкін, бұл суыту жүйесінің сынуына әкеп соғады. Жәшікте алюминий фольга және тез тұтанатын заттар, мыс., тазалау құралдары мен аэрозольдар сақтамаңыз, сонымен қатар оларды пісіру панеліне жақын қоймаңыз. Жанып кету қаупі бар! Желдеткіштің төменгі бөлігі мен жәшіктің ішіндегілердің арасында 20 мм-ден кем емес қашықтықты қамтамасыз ету қажет.




Духовкасы бар асүй шкафы

- Пісіру панелінің астына суыту желдеткіштерімен жабдықталған EVP4..., EVP2..., духовкаларын орнатуға болады. Духовканы пісіру панелінің астына орнату кезінде, асүй шкафының артқы қабырғасын алу қажет. Асүй шкафының алдыңғы қабырғасының жоғарғы бөлігіне шкафтың бүкіл енінің бойымен биіктігі 6 мм-лік ойық жасау қажет.




Іске қосу схемасы:

380-415V 2N ~ / 50/60 Hz



220-240V ~ / 50/60 Hz



Аспап екі фазалы қосуға арналған, алайда бір фазалы қосуды да орындауға болады.

- **Екі фазалы қосу**

4 және 5 түйісулер арасына қосқыш орнатыңыз.

- **Бірфазалы қосу**


4 және 5 түйісулер, сондай-ақ 1 және 2 клеммалары арасына қосқыш орнатыңыз.

Ескерту: 3 клемма бос болады.

Қосу үшін мыналар қолданылуы мүмкін:

- сары-жасыл қорғаныш сымы бар H05RR-F 4x1,5 тұрпаттағы резеңке оқшаулауы бар кабельдер,
- сары-жасыл қорғаныш сымы бар H05VV-F4x1,5 тұрпаттағы ПВХ оқшауланған жалғағыш кабельдері, сонымен қатар басқа да сол сияқты және үлкен диаметрлі кабельдер.


Жинақтау



Ас үй шкафы мен жинақтау ойығы желдеткіш және қажетті көлемдер талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.


Қажеттілік жағдайында ағаш және жасанды үстел беттері ойықтарының кесіктерін ылғал мен кірден қорғайтын лакпен өңдеңіз.

Пісіру панелін шыныкерамикасымен төмен қаратып қойыңыз.



Кабельді пісіру панеліне талаптарға сәйкес жалғаңыз.

Қорғай үлдірін тығыздағыштан шешіп алыңыз да, оны алюминий профиліндегі науаға немесе шыныкерамикалық бетінің шеттері бойынша жапсырыңыз. Тығыздағышты үздіксіз лентамен жапсырмаңыз. 4 кесіндіні кесіп алыңыз да, оларды бұрыштар бойынша қыспақ тығыздап желімдеңіз.



Пісіру панелін төңкеріңіз және жинақтау ойығына орнатыңыз.

Пісіру панелін электр желісіне қосыңыз. Қысқа дыбыстық дабылы естіледі және бірнеше уақыттан соң цифрлық индикаторы жанады. Пісіру панелі пайдалануға дайын.

Пісіру панелі дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Егер электр желісіне қосылу дұрыс емес орындалса, қысқа дыбыстық дабылы естіледі немесе цифрлық индикаторлары жанады.

Пісіру панелінің тұрпаты	SIVK6...
Индукция	x
Іске қосу	230В - 50Гц
Конфоркалардың максимальді қуаты	
Алдыңғы сол	2,3 кВт (Ø 200)
Артқы сол	1,4 кВт (Ø 160)
Артқы оң	2,3 кВт (Ø 200)
Алдыңғы оң	1,4 кВт (Ø 160)
Алдыңғы	
Артқы	
Жалғанған қуат	
L1	3700 Вт
L2	3700 Вт
Жалпы жалғанған қуат	7400 Вт
Жинақтау көлемдері	
Жинақтау ойығы тереңдігінің ені	602 x 522 мм
Үсьел үстіне дейінгі биіктігі	49 мм
Ені x ажыратқыштар ені	560 x 490 мм
Артқы қабырғасына дейінгі минимальді арақашықтығы	50 мм
Жан қабырғасына дейінгі минимальді арақашықтығы	40 мм

Орауды және аспапты пайдаға асыру

Осы аспапты өндіру барысында ұзақ мерзімдік материалдары қолданылған. Қызмет ету мерзімі аяқталуы бойынша аспапты пайдаға асыру қажет. Толығырақ ақпаратты жергілікті биліктен алуға болады.

Осы аспаптың орауы қайта өңдеуге жарамды. Ол мыналарды қамтиды:

- картон;
- полиэтилен үйдірін (ПП);
- құрамында фреоны жоқ полистирол (қатты полистирол көбігі).

Осы материалдардың жергілікті заңдарға сәйкес тиісті пайдаға асырылуының қамын ойлаңыз.



Тұрмыстық қалдықтарының жеке пайдаға асырылу қажеттілігі туралы ескертулер ретінде осы өнімде қалдықтарға арналған сызылған себеті бар символы қойылған. Бұл өз қызмет мерзімі өтелген бұйым әдеттегі қалдықтар ретінде пайдаға асырылмайтынын көрсетеді. Бұйым тұрмыстық қалдықтарын үлестірудің жергілікті орталығына немесе осындай қызметтер ұсынатын тұлғаға жеткізілуі керек.

Тұрмыстық қалдықтарын жеке пайдаға асыру қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін ықтимал жағымсыз салдарын, ықтимал дұрыс емес пайдаға асыру салдарын болдырмауға және энергия мен ресурстарын үнемдеуге көмектесетін ұзақмерзімді материалдарын қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді.

www.gorenje.com

INFINITY



504638

kk (10-18)